

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ

«ӨРЛЕУ» БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ФИЛИАЛЫ

ӨRLEU

БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ
ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

ТАРИХ ПӘНІНЕН ТЕСТ ЖИНАҒЫ

АСТАНА
2025

ТАРИХ ПӘНІНЕН ТЕСТ ЖИНАҒЫ

Тарих пәні бойынша оқушылардың білімін тексеруге және тереңдетуге бағытталған тапсырмаларды қамтиды. Тапсырмалар төрт жауаптың бір дұрыс жауабы бар типте берілген.

Тапсырмалар тарих пәнінің барлық негізгі бөлімдерін қамтиды. Тапсырмалардың шешімдерін өз бетінше тексеру үшін жинақтың соңында жауаптары берілген.

Жинақ өз бетінше жұмыс істеу үшін, сондай-ақ сабақтарда қолдануға қосымша ретінде пайдалану үшін ұсынылады.

ТАҚЫРЫПТАР:

- Терімшілер-аңшылардан бастап егіншілер мен мал өсірушілерге дейін. Өзен алқаптары өркениеттері. Ежелгі Египет. Қос дөңгелекті арбалар және империялар. Ежелгі Үндістан: буддизмнің гүлденуі мен индуизмнің салтанат құруы. Ежелгі Қытай. Ежелгі Греция. Рим империясының гүлденуі
- Феодализм және крест жорықтары
- Әлемдік діндер тарихы
- XIV ғасыр - XVI ғасырдың бірінші жартысындағы ортағасырлық еуропалық қоғам
- Ағартушылық идеяларының таралуы
- XIX ғасырдағы империялар және олардың бақталастығы
- Революциялық идеялардың XIX ғасырдағы Еуропаға әсері
- Бірінші дүниежүзілік соғыс: себептері мен салдары
- Әлемдік экономикалық дағдарыс
- Екінші дүниежүзілік соғыстың себептері мен салдары
- XX ғасырдың екінші жартысындағы әлемнің саяси картасы
- Қазақстан аумағындағы ежелгі адамдардың өмірі
- VI - IX ғасырлардағы Қазақстан
- X –XIII ғасырдың басындағы Қазақстан
- Қазақ халқының қалыптасуы. Біртұтас қазақ мемлекетінің құрылуы. XVI - XVII ғасырлардағы Қазақ хандығының дамуы
- XVIII ғасырдағы Қазақ хандығы
- Отарлау және халықтың азаттық күресі. Қазақстан Ресей империясының құрамында. 1860-1870 жылдардағы азаттық күрес
- XX ғасырдың басындағы Қазақстан
- Тоталитаризм кезеңіндегі Қазақстан
- Қазақстан мемлекеттілігінің қайта жаңғыруы (1991 - 1996 жылдар)
- Тәуелсіз Қазақстанның дамуы (1997 жылдан қазіргі уақытқа дейін)

ТЕСТ

Қазақстан тарихы

- Қазақстан аумағындағы ежелгі адамдардың өмірі
- Ежелгі көшпенділердің өмірі. Сақтар. Үйсіндер мен қаңлылар. Ғұндар. Сарматтар
- VI - IX ғасырлардағы Қазақстан
- X–XIII ғасырдың басындағы Қазақстан
- Қазақ халқының қалыптасуы. Біртұтас қазақ мемлекетінің құрылуы. XVI - XVII ғасырлардағы Қазақ хандығының дамуы
- XVIII ғасырдағы Қазақ хандығы
- Отарлау және халықтың азаттық күресі
- Қазақстан Ресей империясының құрамында
- XIX- XX ғасыр басындағы Қазақстан мәдениеті
- XX ғасырдың басындағы Қазақстан
- Қазақстанда Кеңес өкіметінің орнауы
- Тоталитаризм кезеңіндегі Қазақстан
- Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан
- Қазақстан соғыстан кейінгі жылдарда (1946-1953 жылдар)
- «Хрущев жылымығы» кезіндегі Қазақстан (1954-1964 жылдар)
- Қазақстан мемлекеттілігінің қайта жаңғыруы (1991 - 1996 жылдар)
- Тәуелсіз Қазақстанның дамуы (1997 жылдан қазіргі уақытқа дейін)

1. Тас құралдардың жүзін бір қабатын ұсақ ойықтар жасау арқылы өткірлеу әдісін анықтаңыз.

- A) бөлу әдісі
- B) аралау әдісі
- C) ретушь әдісі
- D) кесу әдісі

2. Мезолит кезеңінде ежелгі адамдардың Қазақстанның солтүстік аймақтарына қоныстануының негізгі себебін көрсетіңіз.

- A) мұздықтың оңтүстік аймақтарға жылжуы
- B) табын жануарлардың солтүстікке көшуі
- C) халық санының артуы
- D) көшпелі мал шаруашылығының пайда болуы

3. Дереккөздерге сәйкес, патша сарайында «Заң жинағы» құрылған тайпаның атауын көрсетіңіз.

- A) сақтар
- B) үйсіндер
- C) ғұндар
- D) қаңлылар

4. Қытай жазба деректерінде «сэ» деп аталатын Қазақстан жерінде өмір сүрген көшпелі тайпаны көрсетіңіз.

- A) ғұндар
- B) сақтар
- C) сарматтар
- D) үйсіндер

5. Жылқылардың басына кигізілген тау ешкісінің мүйізі бар керемет бүркіттер бейнеленген маскалар табылған қорғанды анықтаңыз.

- A) Берел
- B) Бесшатыр
- C) Есік
- D) Тасмола

6. 576 жылы болған оқиғаны белгілеңіз.

- A) Бумын-қағанның Тан империясынан жеңілуі.
- B) Түріктер мен парсылар одағының эфталиттерді жеңуі.
- C) Естемі қайтыс болғаннан кейін Тардуштың билікке келуі.
- D) Византия мен түріктер арасындағы келісімге қол қою.

7. Түргеш мемлекетінің негізін қалаған қағанды белгілеңіз.

- A) Сұлу
- B) Құтшар
- C) Сақал
- D) Үшлік

8. Хорезмшах Мұхаммедтің Батыс Қараханидтер әулетінің соңғы билеушісін құлатқан жылын таңдаңыз.

- A) 1212 ж.
- B) 1213 ж.
- C) 1214 ж.
- D) 1221 ж.

9. 1089 жылы Қараханидтерді басып алған халықты көрсетіңіз.

- A) арабтар
- B) қытайлар
- C) селжұқтар
- D) оғыздар

10. Моғолстан билеушісі Есенбұғаның Керей мен Жәнібек сұлтандарды қолдау себебін көрсетіңіз.

- A) Уақытша пана беру
- B) Ойрат тайпаларының шабуылынан қорғау
- C) Қазақ мемлекетін құрудағы көмек
- D) Сібір хандығына қарсы күрестегі одақтастық

11. XV ғасырда Қазақ хандығы билеушілерінің алдында тұрған басты мақсатты анықтаңыз.

- A) қазақтардың этникалық аумағын біріктіру
- B) біртұтас тіл мен біртұтас ұлтты қалыптастыру
- C) көрші елдермен дипломатиялық қатынастар орнату.
- D) халықтың қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету

12. «Қырғыз-қайсақ» экспедициясының мақсатын анықтаңыз:

- A) Кіші жүздің жағдайын жан-жақты зерттеу
- B) Орта жүзде бекіністер салу үшін орындар іздеу
- C) Орта жүздегі тас көмір кен орындарын зерттеу
- D) Кіші жүзбен Ресей-Қазақстан шекарасын белгілеу

13. 1757 жылы болған оқиғаны көрсетіңіз.

- A) Абылайдың Пишпек бекінісін қоршауы
- B) Жетісу қазақтарына қырғыздардың шабуылы
- C) Қазақ елшілігінің Қытайға келуі
- D) Қытайдың Қазақстан аумағына басып кіруі

14. Сырым Датұлының басты қарсыласын анықтаңыз.

- A) Қытай
- B) Ресей
- C) Қоқан хандығы
- D) Хива хандығы

15. Сырым Датұлының көтерілісі нәтижесінде болған өзгерісті анықтаңыз.

- A) қазақ руларынан алынатын салықтарды көбейту
- B) қазақ хандарының билігінің әлсіреуі
- C) жер реформасы жүргізілді
- D) Бөкей ордасы құрылды

16. 1867-1868 жылдардағы реформалар нәтижесінде Қазақстанда енгізілген әкімшілік құрылымдарды таңдаңыз.

- A) Сыртқы округтер мен болыстар
- B) Дистанциялар мен әскери желілер
- C) Генерал-губернаторлықтар мен уездер
- D) Генерал-губернаторлықтар және облыстар

17. 1867-1868 жылдардағы реформалар бойынша қазақ жерлерінің статусын анықтаңыз.

- A) Ресейдің мемлекеттік меншігі
- B) қазақтардың қоғамдық меншігі
- C) қазақ руларының қауымдық меншігі
- D) қазақ хандарының жеке меншігі

18. XIX ғасырдың II жартысында «Уақытша ережеге» сәйкес енгізілген міндетті салықты көрсетіңіз.

- A) Земство салығы
- B) Танап салығы
- C) Жанбасылық салық
- D) Шаңырақ салығы

19. 1868-1869 жылдары Қазақ шаруаларының көтерілісі болған облыстарды көрсетіңіз.

- A) Орал, Маңғыстау
- B) Маңғыстау, Торғай
- C) Орал, Торғай
- D) Торғай, Жетісу

20. Д. Тәжиев пен И. Тіленбаев бастаған Маңғыстау облысы қазақтарының көтерілісіне түрткі болған себепті анықтаңыз.

- A) көшуге тыйым салу
- B) жерді басып алу
- C) дәстүрлі басқару жүйесін жою
- D) бекіністер оранту

21. Берілген пікірдің авторын анықтаңыз «Табиғи ақыл өзін қоршағанды ғана құшағына ала алса, оны дамытып өзі көрмегенді де танып білуге мүмкіндік жасайтын тек қана өркениетке жетелейтін озық білім».

- A) М. Дулатов
- B) А) Кұнанбаев
- C) Ш. Уәлиханов
- D) Ы. Алтынсарин

22. Берілген пікірдің авторын анықтаңыз «Тәуелсіз өмір сүруге өз тілінде сөйлейтін, өз әдебиеті бар адамдар ғана құқылы екенін ешқашан ұмытпау керек».

- A) А) Байтұрсынов
- B) Ә. Бөкейханов
- C) Б. Қаратаев
- D) М. Сералин

23. «Біз өз журналымызды «Айқап» деп атадық. Қазақтың әр ісінде «Ай, қап!» деп айтпасқа болмайтын» деген сөздің авторын көрсетіңіз.

- A) Б. Қаратаев
- B) М. Сералин
- C) Ә. Бөкейханов
- D) А) Байтұрсынов

24. Мәтінде сипатталған қозғалыс атауын таңдаңыз: "Ағартушылықты тарату, түркі тілдері мен әдебиетін дамыту, әйелдердің теңдігі қозғалысы "

- A) Жәдитшілдік
- B) Либерализм
- C) Пантүркизм
- D) Панисламизм

25. Берілген пікірдің авторын анықтаңыз «Мен жақында «Ақ жол» журналымен танысуға мүмкіндік алдым. ... Ашуға толы және қатыгез сын («Ақ жол») – бұл біздің сынымыз емес «Мұндай сынға Кеңес елінде орын болмауы керек».

- A) И.В) Сталин
- B) М.Т. Гатаулин
- C) М. Мендешев
- D) Ф.И. Голощекин

26. 1917 жылы 30 қазанда болған оқиғаны анықтаңыз.

- A) Өнеркәсіпті ұлттандырудың басталуы
- B) «Ресей халықтарының құқықтары декларациясын» қабылдау
- C) Кәсіпорындарда жұмыс бақылауын орнату
- D) Перовск қаласында Кеңестердің билігін орнату

27. Кеңес өкіметі алғаш рет орнатылған Қазақстандағы қаланы анықтаңыз.

- A) Верный
- B) Орал
- C) Қостанай
- D) Перовск

28. И.В) Сталин ұсынған заңды анықтаңыз: «Социализм жаңа жүйе мен социалистік құрылысты нығайта және дамыта алмайды, егер ол колхоздардың, кооперациялардың, мемлекеттің мүлкін барлық күштермен қорғамаса, егер ол қоғамға жат, кулак-

капиталистік элементтерден қоғамдық меншікті ұрлаудан бас тартпасА) Бұл үшін жаңа заң қажет»

- A) Бес масақ туралы заң
- B) Кулак шаруашылықтарын жою туралы заң
- C) Революциялық трибуналдар туралы заң
- D) Еңбек инспекциясын құру туралы заң

29. Ж. Аймауытовтың өлім жазасына кесілген жылды көрсетіңіз.

- A) 1930 ж.
- B) 1937 ж.
- C) 1938 ж.
- D) 1941 ж.

30. Сөздердің авторын көрсетіңіз: «Әскер өнерін әлі де жақсы меңгермесем де, Отанға деген махаббатты дәлелдеуге мүмкіндік беретін жердемін. Мен оны дәлелдеймін».

- A) Ә. Молдағұлова
- B) Б. Бейсекбаев
- C) М. Мәметова
- D) С) Баймағамбетов

31. Балтық жағалауындағы стратегиялық қорғаныс операциясының кезеңін анықтаңыз.

- A) 21 маусым – 9 шілде 1941 ж.
- B) 22 маусым – 9 шілде 1941 ж.
- C) 23 маусым – 9 шілде 1941 ж.
- D) 24 маусым – 9 шілде 1941 ж.

32. Ұлы Отан соғысы жылдарында жазылған Ж. Жабаеттың патриоттық өлеңін көрсетіңіз.

- A) «Амангелді»
- B) «Екі жауынгер»
- C) «Ленинградтық өренім»
- D) «Туған жер»

33. КСРО атом қаруын жасаудағы Қазақстанның рөлін анықтаңыз.

- A) Қазақстан аумағында ядролық қару әзірленді
- B) Қазақстанда ядролық қарудың сынақтары жүргізілді
- C) Қазақстан полигонда жұмыс істеу үшін мамандарды дайындады
- D) Қазақстан барлық келген мамандарды тұрғын үймен қамтамасыз етті

34. Соғыс жылдарынан кейін Қазақстан экономикасында басым болған саланы көрсетіңіз.

- A) автомобиль өнеркәсібі
- B) жеңіл өнеркәсіп
- C) азық-түлік өнеркәсібі
- D) ауыр өнеркәсіп

35. Партияның XX съезінің басты тарихи маңыздылығын көрсетіңіз.

- A) ГУЛАГты жою және тұтқындарды босату
- B) Депортацияланған халықтарды реабилитациялау
- C) Сталиннің жеке басына табынушылықты әшкерелеу
- D) Қоғамды демократияландырудың басталуы

36. Тың және тыңайған жерлерді игерудің басталу жылын көрсетіңіз.

- A) 1950 ж
- B) 1954 ж
- C) 1956 ж
- D) 1958 ж

37. Н.Назарбаев Еуразиялық бірлік идеясын алғаш рет жариялаған оқиғаны анықтаңыз.

- A) Бірінші дүниежүзілік қазақтар құрылтайында сөз сөйлеу
- B) ММУ студенттері мен оқытушыларының алдындағы дәріс
- C) Қазақстан халықтары Ассамблеясының ашылуында сөз сөйлеуі
- D) 2011 жылғы 25 қазандағы «Известия» газетіндегі мақала

38. Қазақстан Республикасы Конституциясының үстемдігін қамтамасыз ететін жеті мүшеден және төрағадан тұратын мемлекеттік органды анықтаңыз.

- A) Реформалар жөніндегі Жоғарғы Кеңес
- B) Конституциялық Кеңес
- C) Жоғары аудиторлық палата
- D) Құқықтық саясат жөніндегі кеңес

39. Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының құрылған күнін көрсетіңіз.

- A) 1996 ж.
- B) 2001 ж.
- C) 2002 ж.
- D) 2005 ж.

40. 1969 жылы 25 қыркүйекте Рабатта құрылған ынтымақтастық ұйымын көрсетіңіз.

- A) ИБҰ (Ислам Ынтымақтастығы Ұйымы)
- B) АӨСШК (Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес)
- C) ТҮРКСОЙ (Халықаралық Түркі мәдениеті ұйымы)
- D) ШЫҰ (Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы)

Дүниежүзі тарихы

- Терімшілер-аңшылардан бастап егіншілер мен мал өсірушілерге дейін. Өзен алқаптары өркениеттері. Ежелгі Египет. Қос дөңгелекті арбалар және империялар. Ежелгі Үндістан: буддизмнің гүлденуі мен индуизмнің салтанат құруы. Ежелгі Қытай. Ежелгі Греция. Рим империясының гүлденуі. Ежелгі көшпенділердің өмірі. Сақтар. Үйсіндер мен қаңлылар. Ғұндар. Сарматтар
- Рим империясының құлауы
- Феодализм және крест жорықтары
- Әлемдік діндер тарихы
- XIV ғасыр - XVI ғасырдың бірінші жартысындағы ортағасырлық еуропалық қоғам
- XVIII ғасырдағы Үндістан және Ұлыбритания
- Ағартушылық идеяларының таралуы
- Француз революциясының көрінісі
- XIX ғасырдағы империялар және олардың бақталастығы
- Революциялық идеялардың XIX ғасырдағы Еуропаға әсері
- XIX ғасырдағы Ресейдегі қоғамдық-саяси ойдың дамуы
- Америка Құрама Штаттарының күшеюі
- Бірінші дүниежүзілік соғыс: себептері мен салдары

- Әлемдік экономикалық дағдарыс
- Еуропа елдеріндегі тоталитарлық режимдер
- Екінші дүниежүзілік соғыстың себептері мен салдары
- ХХ ғасырдың екінші жартысындағы әлемнің саяси картасы
- Халықаралық ұйымдардың қалыптасуы. ХХ ғасырдың екінші жартысындағы әлемдік экономиканың дамуы

1. Өзен аңғарлары мемлекеттерінің ежелгі өркениеттер экономикасының дамуына қосқан үлесін сипаттайтын тұжырымды анықтаңыз.

- A) Алғашқы заң жинақтарының пайда болуы.
- B) Діни нанымдар жүйесін құру.
- C) Суару жүйелерін жетілдіру.
- D) Жазу түрлерін ойлап табу.

2. Өнер, сәулет және діннің дамуына ең үлкен әсер еткен ежелгі Египет мәдениетінің аспектісін көрсетіңіз.

- A) каллиграфияның жоғары деңгейі
- B) жерлеу рәсімдері
- C) ғылыми білім
- D) этикалық нормалар

3. Бірқатар тарихшылар орта ғасырлардың басы деп санайтын оқиғаны көрсетіңіз.

- A) 476 жылы Ромул Августулды тақтан құлату.
- B) 395 жылы Рим империясының 2 бөлікке ыдырауы.
- C) 443 жылы Атилланың ғұндар мемлекетін құруы.
- D) Б.з. I ғасырының аяғында Герман тайпаларының Римге басып кіруі.

4. Билік екі император арасында бөлінген Рим империясының саяси жүйесін атаңыз.

- A) доминат
- B) республика
- C) тетрархия
- D) принципат

5. Феодалдық жүйенің белгісін анықтаңыз.

- A) Қолөнердің ауыл шаруашылығынан бөлінуі.
- B) Шіркеу міндеті ретінде оброктың болуы.
- C) Қоғамның екі негізгі сословияға бөлінуі.
- D) Шаруалар-феодалдық иерархияның ең төменгі буыны.

6. Төртінші крест жорығы кезінде болған оқиғаны көрсетіңіз.

- A) Эдесса графтығының құрылуы.
- B) Крест жорықшыларының Палестинадан қуылуы.
- C) Крест жорықшыларының Константинопольді басып алуы.
- D) Селжұқ түріктерінің Иерусалимді басып алуы.

7. Феодалдық қоғамдағы байлық пен биліктің негізгі көзін анықтаңыз.

- A) әскери жаулап алулар
- B) егіншілік
- C) сауда
- D) қолөнер

8. Әл-Белазуридiң «Елдердi жаулап алу кiтаптары» еңбегiнiң үзiндiсiмен танысып, араб жаулап алулар жетiстiгiнiң себебiн анықтаңыз.

«Халид ибн әл-Валид Дамаск қаласын алғаннан кейiн тұрғындарына берген уәдесi: ол олардың өмiрiне, мүлкiне, шiркеулерiне және қала қабырғаларына қол сұқпауға, олардың ешбiр үйi қиратылмайтынына және басып алынбайтынына кепiл бердi. Бұл оларға Құдайдың алдында және оның пайғамбарының атынан, сондай-ақ наместниктер мен барлық сенушiлердiң атынан ант беру арқылы қамтамасыз етiледi; егер олар жанбасылық салығын төлесе оларға (Дамаск тұрғындарына) ешқандай зұлымдық жасалынбайды».

- A) Жанбасылық салығын төлеу.
- B) Үйлерге қол сұғылмаушылық.
- C) Өмiрдi сақтау кепiлдiгi.
- D) Таңдау құқығын беру.

9. Буддизм дiнiнiң басталуымен байланысты оқиғаны көрсетiңiз.

- A) Будданың дүниеге келуi
- B) Будданың ағаруы
- C) Будданың алғашқы уағызы
- D) Монастырлық қауымдастықтың құрылуы

10. Иисустың он екi елшiсiнiң бiрiн белгiлеңiз.

- A) Иуда Искариот
- B) Моисей
- C) Павел
- D) Понтий Пилат

11. «Домен» ұғымының дұрыс анықтамасын таңдаңыз.

- A) патшаға тиесiлi жер учаскелерi.
- B) феодал тарапынан қала салу үшiн бөлiнген жер учаскелерi.
- C) дворян титулын алу үшiн қажеттi жер көлемi.
- D) монастырларға пайдалануға берiлген шiркеу жерлерi.

12. Жүз жылдық соғыстың салдарының бiрiн анықтаңыз.

- A) Франциядағы орталықтандыру процесiнiң баяулауы
- B) Англияның Франциядағы барлық иелiктерiнен айырылуы
- C) Аквитанияның Англияға қосылуы
- D) Еуропаның солтүстiгiндегi сауданың құлдырауы

13. 1799 жылы болған оқиғаны анықтаңыз.

- A) Англияның Майсор княздiгiн басып алуы.
- B) Бенгалияның Моғол империясынан бөлiнуi.
- C) Плесси шайқасындағы Францияның жеңiлiсi.
- D) Карнал шайқасында Моғолдардың жеңiлуi.

14. Ост-Үндi компаниясының құрылған жылын көрсетiңiз.

- A) 1600
- B) 1611
- C) 1617
- D) 1622

15. Еуропа мен Солтүстiк Америкадағы Ағартушылық идеялардың таралу кезеңiн көрсетiңiз:

- A) XV - XVI ғғ.

- B) XVI – XVII ғғ.
- C) XVI – XVIII ғғ.
- D) XVII - XVIII ғғ.

16. Ағартушылар ұсынған қоғамның өзгеру жолын белгілеңіз.

- A) кітаптар мен журналдардың қолжетімділігін қамтамасыз ету
- B) қоғамның барлық мүшелеріне білім берудің қолжетімділігі
- C) революциялық радикалды жол
- D) дінде реформалар жүргізу арқылы

17. Якобиншілер диктатурасының құлауына нүкте қойған оқиғаны көрсетіңіз.

- A) Директорияның билікті басып алуы.
- B) Король Людовик XVI-ның қамауға алынуы.
- C) Жан Поль Мараттың өлтірілуі.
- D) Францияның алғашқы Конституциясын қабылдау.

18. XVIII ғасырда Францияда билік еткен династияны көрсетіңіз.

- A) Валуа
- B) Бурбондар
- C) Каролингтер
- D) Орлеандар

19. Осман империясындағы «Танзимат» реформаларының өткізу жылдарын көрсетіңіз.

- A) 1839-1876 жж.
- B) 1839-1853 жж.
- C) 1853-1856 жж.
- D) 1856-1876 жж.

20. Ирандағы шах мұрагерінің атағын көрсетіңіз.

- A) хакім
- B) халиф
- C) шейх
- D) шахзада

21. Қай мемлекетті жеңуі Пруссияға XIX ғасырда неміс жерлерін біріктіруді аяқтауға мүмкіндік бергенін анықтаңыз.

- A) Дания
- B) Ресей
- C) Австрия
- D) Франци

22. Германия мемлекеттерінің бірігуін аяқтаған неміс королін анықтаңыз.

- A) Вильгельм I
- B) Виктор Эммануил II
- C) Отто фон Бисмарк
- D) Фридрих Вильгельм IV

23. XIX ғасырдағы Ресейдегі алғашқы жасырын қоғамның атауын көрсетіңіз.

- A) «Құтқару одағы»
- B) «Оңтүстік қоғам»
- C) «Солтүстік қоғам»
- D) «Өркендеу одағы»

24. Басыбайлық құқық пен самодержавияға қарсы бағытталған Ресейдегі XIX ғасырдағы көтерілісті белгілеңіз.

- A) анархисттер
- B) декабристтер
- C) либералдар
- D) халықшылар

25. XIX ғасырдың аяғында АҚШ-тың күшеюінің әлеуметтік себебін анықтаңыз.

- A) Сословиялық шектеулердің жоқтығы
- B) Бірыңғай ішкі нарықты құру
- C) АҚШ территориясының батысқа қарай кеңеюі
- D) Иммигранттардың арзан еңбегін қолдану

26. XIX ғасырда АҚШ-тың сыртқы саясатын негіздеу үшін қабылданған құжатты көрсетіңіз.

- A) Монро Доктринасы
- B) Тәуелсіздік декларациясы
- C) АҚШ Конституциясы
- D) Платт түзетуі

27. Үштік одаққа қатысушы елдерді көрсетіңіз.

- A) Германия, Австро-Венгрия, Италия.
- B) Германия, Австро-Венгрия, Жапония.
- C) Германия, Ресей, Ұлыбритания.
- D) Германия, Австро-Венгрия, Франция.

28. Бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуына себеп болған оқиғаны анықтаңыз.

- A) Екінші Балқан соғысы
- B) Италия мен Түркия арасындағы соғыс
- C) «Антантаның» құрылуы
- D) Франц Фердинандтың өлтірілуі

29. Бірінші дүниежүзілік соғыстың басында Францияның тез жеңілуін көздеген Германия жоспарын көрсетіңіз.

- A) Барбаросса жоспары
- B) Блау жоспары
- C) Гросс жоспары
- D) Шлиффен жоспары

30. Ауыл шаруашылығын реттеу туралы заңның негізгі іс-шарасын анықтаңыз (1933 ж.).

- A) Егіс алқаптарының нормаларын ұлғайту.
- B) Фермерлерден өнімді тұрақты бағамен сатып алу.
- C) Ауыл шаруашылығы өнімдерінің импортын бақылау.
- D) Ауыл шаруашылығы өнімінің экспортын субсидиялау.

31. 1935 жылы қабылданған, АҚШ-та жұмысшы кәсіподақтардың құрылуына мүмкіндік берген заңды белгілеңіз.

- A) Вагнер заңы
- B) Кейнс заңы
- C) Рузвельт заңы

D) Смит заңы

32. Германиядағы нацизмнің Италиядағы фашизмнен айрықша белгісін көрсетіңіз.

- A) Расизм
- B) Ксенофобия
- C) Милитаризм
- D) Тоталитаризм

33. Тоталитаризмнің негізгі ерекшелігін анықтаңыз.

- A) Қоғамды жалпыға бірдей бақылау
- B) Бір партиялық жүйені енгізу
- C) Сөз және баспасөз бостандығының болмауы
- D) Нарықтық экономикадан бас тарту

34. «Еркін Франция» қозғалысын басқарған көшбасшыны белгілеңіз.

- A) Пьер Лаваль
- B) Филипп Петен
- C) Марсель Бюкар
- D) Шарль де Голль

35. Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысушы елдердің санын көрсетіңіз.

- A) 10
- B) 62
- C) 73
- D) 92

36. «Қырғи қабақ соғыстың» басталуына себеп болған оқиғаны көрсетіңіз.

- A) Г. Труман доктринасын қабылдау.
- B) Атомдық бомбаның алғашқы қолданылуы.
- C) Әлемдегі отарлық жүйенің ыдырауы.
- D) Фултон қаласындағы В) Черчилльдің сөзі.

37. 1949 жылы құрылған Германиядағы Социалистік мемлекетті белгілеңіз.

- A) ГДР
- B) ҚХР
- C) КХДР
- D) ГФР

38. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Батыс Еуропа экономикасын қалпына келтіру жоспарының авторын анықтаңыз.

- A) Оуэн Юнг
- B) Людвиг Эрхард
- C) Чарльз Г. Дауэс
- D) Джордж К. Маршалл

39. КСРО халық шаруашылығының Жоғарғы Кеңесінің құрылған жылын көрсетіңіз.

- A) 1960 ж.
- B) 1961 ж.
- C) 1962 ж.
- D) 1963 ж.

40. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының қабылданған күнін көрсетіңіз.

- A) 1945 жылдың 16 желтоқсаны
- B) 1946 жылдың 15 желтоқсаны
- C) 1947 жылдың 12 желтоқсаны
- D) 1948 жылдың 10 желтоқсаны

ЖАУАБЫ

Бөлім/ Тапсырма №	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20
Қазақстан тарихы	C	C	D	B	A	C	D	A	C	B	A	A	C	B	B	D	A	D	C	A
	21	22	23	24	25	26	27	28	29	30	31	32	33	34	35	36	37	38	39	40
	D	A	B	A	A	D	D	A	A	C	B	C	B	D	C	B	B	B	B	A
Бөлім/ Тапсырма №	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20
Дүниежүзі тарихы	C	B	A	C	A	C	B	D	C	A	A	B	A	A	D	B	A	B	A	D
	21	22	23	24	25	26	27	28	29	30	31	32	33	34	35	36	37	38	39	40
	D	A	A	B	A	A	A	D	D	B	A	A	A	D	B	D	A	D	D	D